



Жұлдыз

Т.Кәкішұлы

ҚОЯН ЖЫЛҒЫ САЯХАТ

«Соғыстан соң туғандар» антологиясы

Иран-Ғайып

ДҮНИЕ ДҮНИЕ БОЛҒАЛЫ...

Б.Омарұлы

АРЫСТАНБЕК пен

ҚАҢТАРБАЙ АЙТЫСЫ

11

2012



www.writers.kz

# Жұлдыз

11

ҚАРАША

2012

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ  
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛЫ

1922 жылдан шыға бастады

Құрылтайшы – Қазақстан Жазушылар одағы және  
«Қаламгер-Media» орталығы

Редакторлар кеңесінің төрағасы –  
Нұрлан ОРАЗАЛИН

## МАЗМҰНЫ

*Азат жылдар айшығы*

<b>Рафаэль НИЯЗБЕК</b>	
Нұрын шашып тұрғандай... <i>Өлеңдер</i> .....	3
<b>Оразақын АСҚАР</b>	
Сарыарқада сән түзеді Астана. <i>Өлеңдер</i> .....	8
<b>Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ</b>	
Қоян жылғы саяхат.....	11
<b>МІР ШАЙЫР</b>	
Дала өрнектері. <i>Өлеңдер</i> .....	37
<b>Зейнолла ТІЛЕУЖАНҰЛЫ</b>	
Атамыздың анызы. <i>Поэма</i> .....	40
<b>Сәбит ДОСАНОВ</b>	
Ахмет пен Міржақып. <i>Романнан үзінді</i> .....	45
<b>Қастек БАЯНБАЙ</b>	
Бабалар бағы. <i>Өлеңдер</i> .....	117
<b>Асылбек ИХСАН</b>	
Шығыс моншасы немесе есектің дауысы. <i>Әңгіме</i> .....	120
<b>Әуелай ОСПАНОВА</b>	
Айша бибі. <i>Өлеңдер</i> .....	131
<b>Дәлелбек БАТЫР</b>	
Әйел мен дария. <i>Әңгімелер</i> .....	133
“Атаманның” ақыры.....	140



<b>Раушан МҰҚЫШҚЫЗЫ</b>	
Уақыт – тұлпар. <i>Өлеңдер</i> .....	153
<b>Нұрдәулет АҚЫШ</b>	
Зары өткен перзент. <i>Әңгіме</i> .....	155
<b>Төлеген ҚАЖЫБАЙ</b>	
Бурабайдың басынан бұлт көшеді. <i>Өлеңдер</i> .....	161
<b>Амантай АХЕТОВ</b>	
Сағынышты жылдарға саяхат.....	164
<i>«Соғыстан соң туғандар» антологиясы</i>	
<b>ИРАН-ГАЙЫП</b>	
Дүние дүниесі болғалы... <i>Өлеңдер</i> .....	173
<i>Тұлға</i>	
<b>Жұмабай ҚҰЛИЕВ</b>	
Рух сардары.....	177
<i>Сырсандық</i>	
<b>Амангелді КЕҢШЛІКҰЛЫ</b>	
Парасат майданы.....	184
<b>Еркін НҰРАЗХАН</b>	
Әке бейнесі.....	201
<i>Әдебиеттану</i>	
<b>Бауыржан ОМАРҰЛЫ</b>	
Арыстанбек пен Қантарбай айтысы.....	210
<b>Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ</b>	
Әдебиет тарихын зерделеудің өзекті мәселелері.....	214
<b>Темірхан ТЕБЕГЕНОВ</b>	
Ұлт тағдыры жайлы сүбелі туынды.....	237
<b>Жұбаназар АСАНОВ</b>	
Жокей акын.....	251
<b>Акеділ ТОЙШАНҰЛЫ</b>	
Еңсегей бойлы ер Есім.....	259
<i>Тәуелсіздік туғыры</i>	
<b>Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ</b>	
Өмір академигі.....	263
<b>Қойлыбай АСАНҰЛЫ</b>	
Қазіргі айтыс және ұлттық идеология.....	271
<b>Марат ДҮЙСЕНБИН</b>	
Жылуың мен сәуленді өтсем ардақтап.....	278
<i>Көкжиек</i>	
<b>Исраил САПАРБАЙ</b>	
Айседора әлемі.....	294
<i>Толғауы тоқсан – қызыл тұл</i>	
<b>Заря ЖҰМАНОВА</b>	
Қазақ тілін қалай тез үйренуге болады?.....	306
<i>«Жұлдыз» – 90</i>	
<i>Лебіз</i>	
<b>Жабал ЕРҒАЛИЕВ</b>	
Ұлттың рухани жан-дүниесі мен тірегі.....	310
<i>«Жұлдыз» журналының шежіресі</i>	
Қонай құлаған тас.....	311

Атқарушы директор  
Жанарбек ӘШІМЖАН

Бас редактор  
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

Бас редактордың  
орынбасары  
Тұрысбек СӘУКЕТАЙ

**БӨЛІМ МЕНГЕРУШІЛЕРІ:**

Қалихан ЫСҚАҚ,  
Бактыбай АЙНАБЕК,  
Мұхамедия ЖҰМАҒАЛИЕВ,  
Заря ЖҰМАНОВА,  
Ділдер МАМЫРБАЕВА,  
Жұмабай ҚҰЛИЕВ.

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИ  
(Манғыстау, Атырау  
облыстары)  
Ерлан АХМЕТОВ  
(Павлодар облысы)

**ХАТШЫ-РЕФЕРЕНТ**  
Зубайда САХИҚЫЗЫ

**КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ:**

Данияр КАБА  
(жетекші),

**КОРРЕКТОР**

Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ.

**КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР**  
Жұмабай ҚҰЛИЕВ.

● Редакцияға түскен шығармалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

● Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді. Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз», №11, 2012 ж.



Амантай  
АХЕТОВ

# САҒЫНЫШТЫ ЖЫЛДАРҒА САЯХАТ

Аууы алам  
Құлқадимша ШАЙЖАНҚЫЗЫНЫҢ рухына

Таңғажайып ештеңе де болған жоқ. Бастан кешкен өмірдің енді қайтып оралмасын ерекше сезіндіретін, жаймашуақ жаздың жайлы күндерінің бірінде, кенеттен өзімнің балалық шағым өткен қалаға апаратын бақытты билет қолыма тиді. Бұл оқиғаның тым елеусіз болғаны сонша, тіпті біздің жаһандық ақпараттану институтындағы, бар ойлары арнаулы емхана мен арнаулы үлестіруге қайта тіркелу боп жүрген зертхана қызметкерлерінің де іштарлығы мен қызғанын қоздыра алған жоқ. Алпысыншы жылдардың басындағы шалғай шетте жатқан қайдағы бір Көкшетауға он бес сағатқа «барып қайту» да сөз бе екен?!

## АЛҒАШҚЫ КҮН

Жақын маңдағы үйеңкілер мен теректерден төгілген, алау боп лап етуге дайын, күрен қызыл жапырақтарды маңғаздана басып қыдырыстап жүретін көгершіндер жазғы кинотеатрдың арт жағындағы отыз жылдай бұрынғы көк ұзын отырғышты баяғысынша қонақтап алыпты. Үстіне етек-жені шолтиған қара түсті қалың кенеп күртеше киген Ақан үрпиген торғайға ұқсайды, дегенмен, шынымды айтсам, оның қас-қағымда айбарлы лашынға айналып кететіні де есімде.

Қолындағы түйін-түйін қу бұтақты жонып болып, тізесіндегі жаңқаларды сілкіген кезде ғана оның жүзіне үңілдім. Және де болмай қоймайтын осынау кездесуге іштей қанша дайындалғаныммен, сол жақтағы алтыншы қабырғамның астынан бірдене үзіліп кеткендей боп, тіпті әкелік түйсік секілді, қара-қайшылықты бір сезім бойымды билеп алды. Оны бас салып құшақтағым келді. (Ол — Өзім екеніне тіпті ешқандай да үйрене алар емеспін!)

Алайда, бұндай көңіл-күйге берілуім, сынақ-тәжірибенің шарты бойынша, кешірілмес қателік болар еді. Мен ол үшін, ең әуелі, темекіге ысталған арзанқол мейрамаханаларда атағы күмәнді, мосқал тартқан бикештермен уақыт өлтіруден гөрі, шала таныс жасөспірімдермен достасуға бейім, іссапармен келген, бейтаныс, дарақы біреу ғанамын.

Мейлінше немқұрайлы көрінуге тырысып, ұзын отырғышқа таяна бердім де, Ақанның қолындағы, егер ұмытпасам, қартайған әке-шешемнің жәдігерлері арасында әлі күнге сақтаулы, дөңес мұрын кішкене шайтанға тап бір кездейсоқ көз тоқтатқандай

болдым. Лық ете қалған тебіренісімді зорға дегенде басып, ақ көңіл жайбарақат адамның даусымен:

— Қызық бірдеңе шығыпты, — дедім Ақанға жарамсақтана.

Алайда, менің жас прототипім барынша оңай тілдесе кетті.

— Ой, бұл ештеңе емес, балалар жиналғанша, уақыт өлтіру үшін істегенім ғой, — деп кендейілдік білдірді. — Егер ұнаса, ала беріңіз. Мен тағы жонармын.

Жо-жоқ, маған әйтуге болмайтын еді, балаң жігітті (өзінді осылай деу не деген ерсі сөз), өкпелетіп алмас үшін, жағдайды ушықтырмауға асықтым:

— Қалай десем екен, өзім де аздап осымен шұғылданушы ем. Ақанның көзінен маған деген шынайы қызығушылықтың оты жылт етті.

— Онда түсінікті, — деді де кішкене шайтанды қалай болса солай күртесінің қалтасына сұға салды.

— Мен сізге бөгет болмаймын ба? — дедім, өзіммен өзім мәмілегерлік ойынды жалғастыра, алайда, жылдар өткен сайын маған түсініксіздеу көрінетін, көңіл-күйі құбылматы қалалық бұзақы балаға осы амалды қолдануым әбден жөн секілді.

— Жо-жоқ, отыра беріңіз, — табиғатынан суық леп есегін солтүстіктің ерке ұланы патшадай кең пейілін сақтаған екен. Өркеуде жасөспірімдердің өзімсіне сөйлеуді ұнататыны есіме түсті де:

— Түсінесің ғой, — біртіндеп «сенге» көшуді жөн көрдім, — туған жерге көптен ат ізін салмағам, міне енді бір аптаға іссапармен кеп қалғам. Неге екенін, көңілімді мұң басып, сосын бақ үшін аралауға шықтым.

Ақан басын ізеді, және оның үлкен, қап-қара барқыт көзінің қарашығынан шынымен де түсінетінін оқыдым. Жағалаудағы көшелердің үрейін ұшыратын мына бұзақы, қалай дегенмен де, қайырымды екен. Бәлкім, мен асығып алға озып кеттім бе. Оның көл-көсір даңқы ол кезде әлі шыға қоймаса керек.

— Сіздің, сірә, өмірде жолыңыз болмаған-ау? — балалық шағымның өзіме өлердей таныс және сонымен қоса, жұмбақ Ақаны барынша байыпты сұрағымен мені абдыратып тастады.

— Сен неге солай ойладың? — менің келбетімнен сірә, сондай бір түсінбеушілік сығалап тұрды ма, ол сәл ыңғайсызданып қалды да, дереу өзін-өзі қолға алды.

— Байқадыңыз ба, өмірге риза адамдар мұңға батпайды. Менің ойымша, олардың бақытсыздығы да сонда.

Құдай-ау, осынау жеткіншектің ой өрнектері мен өзін ұстау мәнері маған ұнай бастады. Шынымен-ақ, мен осындай болдым ба?! Бұл не деген сандырақ, мынау нағыз менің өзім ғой, қолымды созып, оның әлі ұстара тимеген жағын, сокқы тиіп, әлі сынбаған мұрынының қырын саусағыммен сипасам жетіп жатыр.

— Сірә, сенікі дұрыс болар, дегенмен, «бақыттымын ба, жоқ па?» деп, неге екенін, ойланбаппын. Иә, бұл сұраққа жаңылыспай жауап беру мүмкін бе?

— Меніңше, мүмкін. Бақыт дегеніміз — бұл басқалардың сені түсінуі және сенің өз дегеніне жетуің, — деп Ақан тағы да өзінің бірбеткей тұжырымымен мені қайран қалдырды.

— Ал сен өзіңе не керегін білесің бе? — менің оғаштау сұрағым ешқандай кекесінсіз қойылды, әрі Ақан оны дұрыс түсінді.

— Білуін білемін ғой, бірақ түсінік жағы әзірге онша емес сияқты?

Мынадай мойындаудан соң күрсініс күткем, алайда, сұхбаттасым, керісінше, көзі қулана күлімсіреді. Иә, оның күрмеуі қиын мәселелері жоқ еді және тұрмыс келеңсіздіктеріне мейлінше бой бермейтін.

«Кішкентай шайтан, не деген тартымды едің!» — оны тұңғыш рет мүлде дербес, әрі маған еш қатысы жоқ тіршілік иесі секілді ойладым.

Ыңғайсыз тыныштық орнап, Ақан сағатына қарады. Зеріккен іссапарға келушінің әңгімесі енді мезі қылары анық. Оны қалай бөгесем екен? Әрине, өлендермен. Сол қалай есімнен шыққаны. Ал әйтпесе, ұшарын жел білетін желөкпе жас жігітті қайдан табар ем, оның үстіне, біз әлі танысқан да жоқпыз ғой.

— Иә, айтпақшы, сенің атың кім еді?

— Ақан, бірақ, балалар көбінесе Пан дейді, — асығыста, немқұрайлы жауабына қарап, оның іші пыса бастағанын ұқтым.

— Қандай сәйкестік, менің де атым Ақан, — өз дауысыма таңғалыс беруге тырыстым.

Орынан тұра бере Ақан түйіліп қарады, оның көз қарасынан сенімсіздік көлбең етті. Алайда менің абыржыған кейпім барлық күдікті ысырып әкетті ме, енді ол әзілдей бастады.

— Сонда сіз екеуміз аттас болдық қой.

Оның көңіл-күйі тым құбылмалы екен. Енді мына бұқашықты мүйізінен шап беріп ұстап алуым керек, әйтпесе, қарым-қатынас жөніндегі жоспарымның бәрі босқа құриды. Тіпті, жабыса берсем жұдырығы тиіп кетуі де ғажап емес, оның үстіне, көптен бері өзімді өзім қорғау дегенді ұмытқам.

— Аттас, оның рас, — менің күлімсірегенім ақымақтау көрінгенін сеземін, — Тек мен бақыт туралы, егер мүмкін болса, өз өлеңдеріммен айтып берсем...

Енді таңғалу кезегі жас Ақанға келді.

— Сіз өлең жазасыз ба?

— Иә, жай ермек қылатыным бар кейде, — осынау алғысы жоқ іске әуес боп, қиын жолға енді түсе бастаған кездегі құмарлықтың қалай жанымды қинағаны бір сәт есіме түсті.

Өзің өрімдей жап-жас өзіңе өлең оқыған кездегі ыңғайсыз сезімді әлі күнге ұмыта алмаймын, тап бір ақындық тағдырың соған байланысты болардай соншалықты тырысқанымды қайтейін...

Көгершіндердің менің үнімнен үріккеніне көңіл аудармай, күзгі бақтың саясында, тап бір сиқырлы айнаға қарап өлең оқығандаймын, сонда мен өзіме, жоқ, олай деуге ауызым бармайды, өмірді тек қана прозалық жағынан қабылдайтын өзімнің ертеңіме шаттана қарап тұрғандай болдым.

*Бақыт деген - біреулерге қарны тойса болғаны,*

*Былқылдаған қымбат кілем, жайлы жұмыс қолдағы...*

*Біреу үшін - емделгені ауырғанда асқазан,*

*Таңғы ас берсе төсегіне бақыт дей ме басқа жан?*

Жас жеткіншек Ақанның жан дүниесінде не боп жатқанын кім білсін, алайда, ол өлең жазатынын ақыры маған мойындамады. Дегенмен, (не деген сәттілік!) оның өзімен таныстым, маған енді ертең, осы қалалық бакта, би басталар алдында оның достарымен танысудың реті келіп тұр.

Ал менің сынақ-тәжірибеге тікелей қатысы бар бірқатар мәселелермен айналысуға әлі де уақытым бар екен, өйткені алпысыншы жылдарға кідірімей кіру үшін маған күніне бес сағаттан тек үш күн уақыт берілген еді.

### xxx

Алматыда күн тым ерте батады, көліктер ағыны басылған, зертхана жанындағы троллейбус аялдამасында тек ешқандай сынақ-тәжірибемен де, өзгерістерге толы беймаза уақыттың әлеуметтік сілкіністерімен де ісі жоқ, кешіккен бір жұп қана тұр еді. Біртұтас құйылған мүсін құсап жабысқан олар бұл маңайдан ештеңені байқар емес.

Алпысыншы жылдардың саябағында қалған жап-жас Ақанды, әлі құтырына ойнап жатқан саксофонды, чарльстон ырғағымен жалаңаш тізелері жарқ-жүрк еткен оның сүп-сүйкімді құрбы-құрдастарын еріксіз ойладым.

Менің жанымды тербеген нәзік сезім самалы көп ұзамай үй-ішілік кезекті дау-дамай дауылына ұласты.

— Ал, сынақтан өтуші, мә, мынаған қарап, сүйсіне ғой! — көркіне көз тоймас өмірлік қосағым мені дәлізден қарсы алды. Шыны керек, оның сынақ-тәжірибеменнен хабары шамалы еді, сондықтан бұл кекесіні ызадан гөрі, дәрменсіздіктен туған.

Түсіндірудің қажеті жоқ еді. Тағы бір жас Ақаннан аумаптын (сыртқы түрі сұмдық

ұқсас), бұқа көзденген біреу пәтердің ішкі қабырғаларын түгел киратардай боп тұр екен.

— Көрдіндер ме, әкесі сынақ-тәжірибемен айналысады, — әйелімнің дауысы басқа кеңістіктен шырқырап естілгендей болды, — ал баласы жалғанды жалпағынан басып жүр. Туған күн тойлағышын кара өзінің.

О, жоқ, тек оның айдап салғанына көнбеуім керек. Сегізінші сыныптан соң балаға қол жұмсау дегенді қойғанбыз, ал қазір менің қарсы алдымда бұлшық еті бұлтиып, өзін түсінбейтіндерге дүрдие қарсы шыққан әскерге шақырылған жігіт тұр. Өсіп келе жатқан нигилист ұрпақтың жетесіне қазір енді тоқырау кезеңі аталған кездің тәлімін жеткізе алмағанымыз әлі жадымда, енді оның тас маңдай қисынына қарсы дау айта алмай, кейін шегінуге мәжбүрміз.

— Таңертең сөйлесермін, қазір пайдасы жоқ, мейлі қайда кетсе сонда кетсін, қалт-құлт етіп аяғынан өзер тұрған өз перзентімізбен мән-мағынасыз сөз сайысына түсер деп күткен әйелімнің қағаздан тұрғызылған үй секілді әлсіз үмітінің быт-шытын шығардым.

Ақан ойымнан шықпай қойды. Көрген-білгенімнің бәрін үй-ішіммен бөлісуге қызметтік нұсқаулардың тиым салатыны қандай өкінішті! Бірінің әкесі, екіншісінің күйеуі қандай ертегілік халге тап болғанын білсе, осы дау-дамай түкке тұрғысыз боп көрінер еді-ау оларға.

Сол екі аралықта ас үйдегі күңкіл үдей өршіп, ұлғая келе, көзсіз сезім-күйлер үстемдік еткен нағыз дауылға айналды. Сынған әйнек, шыңғырған айғай менің табанды түрде сабыр сақтауымды сап қылды.

— Бар, анау есерсоғынды жинап ал, — көз жасын сыға зілденген әйелім у-шудан құтқарар жалғыз орын — жатын бөлмеге кіріп бара жатып, балконнан қолайсыз секірген ұлдың тағдырын шешуді маған қалдырды.

## ЕКІНШІ КҮН

Таң атқалы балдақ іздеп сабылдым. Қанша дегенмен, біздің ұлдың сүйегі сыныпты, анасы көз тоймас көріктісі тап бір ауған соғысынан оралғандай үбектеп қасынан шығар емес.

Ал алпыс үшінші жылғы Көкшетау шағын ғана әкімшілік орталықтарына тән тыныш, бірқалыпты өмірін бастан кешіп жатыр. Кеңестер Үйінің қарсы алдындағы алаңға ілінген алқызыл ұрандар табиғаты қатал өңірдің дәнді дақылдарын мемлекеттің түпсіз қоймасына аттандырып жатқан дихандар еңбегін мадақтаса, «Солтүстік» қонақ үйінің маңдайшасындағы дауыс күшейткіш қарлығыңқы үнмен жүгері туралы пікір таластарды жалғастыруда. Тек қана қалалық саябақ ішінде ғана тын игеру науқанның қарқынды екпінін ұмытуға болатын еді.

Алайда мұнда мені мүлде бөлек құштарлық күтіп тұр еді. Зеріге топталған демалушылар ортасынан қыстырыла өтіп, шойын бағандардың қасынан бір-ақ шықтым, онда беймаза Ақан екі шамның арасына өрмелей шығып, тәртіп сақшыларының қолы жетпейтін биіктен сол заманда өте өрескел саналатын жеке тұлғалардың еркіндігі мен мемлекеттің езгісі туралы сөз сөйлеп отыр екен.

Жас лейтенант қолда өскен шешеннің кейбір сөздеріне қолдау көрсетіп, егер өзінің кәтерілі мінберінен түссе, тиіспеуге кепілдік беріп, жақсылықпен көндіруге тырысты. Сол кезде екі сержант еркіндік сүйгіш тұлғаны қапыда бас салу үшін топталған жұртты алға итермелеп, өздеріне қорғаныш дайындай бастады. Дегенмен, олар сірә мектептен айнаымалы ток теориясы жайлы нашар білім алғандарын еске түсірді ме екен, әйтеуір бағанға шығуға жүрексінді.

— Мемлекет дегеніміз — бұл езушілік құралы, — Ақан адамзат қауымының ақиқат шындығын алғаш ашқан өзі құсап, тақылдап тұр. — Ол дарынды тұлғалардың дамуына ерік бермейді. Халыққа керегі әділ сөз, ал мына озбырлар, — ол барынша демократиялық көңіл-күйде тұрған лейтенант жаққа қарай қолын сілтеді, — оны түп тамырымен құртуға дайын. Бұлар — қанқұмарлар, біз — олардың тілсіз құрбандықтарымыз.

— Мынау не... не дейді? — билік өкілінің түсі күрөңіте түтігіп кетті, шыдамынын шегіне жеткені түрінен көрініп тұр.

— Сизов, — ол сосын сержанттың біріне әмір берді, — бағанаға шықта аяғынан тартып түсір, — үрпие қарап қалған көпшілік алдында тап бір ақталғандай боп сөзін аяқтады, — әйтпесе басғықтар жетіп келер.

Билік өкілінің табанды талабы сол бойда жиналған жұрттың кертартпа бөлігі — күн сайын кітапхана залынан шықпайтын қарт зейнегкерлерге берілді.

— Дұрыс, жолдас милиционер, бұзақыларды баяғыда-ақ жөнге салу керек еді.

— Біз ғой, түсінсеңдер, өкіметіміз үшін қан төктік, ал мына бокмұрындардың жүрген желері бүлік. Оңбағанның ойлап тапқанын көрмейсің бе.

— Әке-шешелері қайда қарап отыр, бұны түрмеге тығу керек, — менің жанымда тұрған, түріне қарасан, мейірбан жүзді кемпір озбыр ниетін ортаға жайбарақат тастады.

Алайда, басталып кеткен пікір таласқа қатысушылардың көбі бұндай саяси көңіл-күйді қолдай қоймады.

— Ой, біздің Пан, қатырды! — он жақ беті түгел тыртық балаң жігіт көзі шаттана жарқырайды. — Шыңғырған шындықты менттердің бетіне басты ғой.

— Ал енді, бауырлар, сөзімді осымен доғарайын. Тықыр таянды, енді көздеріңізді аша алмасын. Түрменнің темір есіктерінің салдырын жүрегім сезеді. Таптық күрес сабағын енді лагерь быламығынан алатын шығармын. Айыпқа бұйырмаңыздар.

Еңгезердей сержанттың тура алақанына түсердей боп төмен сырғып келе жатқан Ақан, кенет оның иығына аяғын тіреп, поғонына лас ізін қалдыра, ешкімнің ойына келмейтіндей ғып секіргенде, шаттана шыңғырған қалың топтың ар жағына асып түсті.

— Митинг аяқталды, енді биді бастасақ та болады, — безеу бет Гришка темір тістерін ақситып, есалаң адамша күлді. Мен бұл бүлдіргіні арала жүздеген жылдар өтсе де бірден таныр едім.

— Егер басшылық, шынымен рұқсат етсе, билесек билейік, — мен танымайтын аэродром-кепкілі жігіт оның сөзін тірілтіп, жұртты ду күлдірді.

Ақаннан көз жазып қалғаныма ішім удай ашып, бақтан кеткелі тұрғам, оның шатшадыман күлкісін құлағым шалды. Қара көйлектеріне жіп-жіңішке ақ галстук таққан бес-алты досының тығыз қоршауында, түк болмағандай, алшан басып, би алаңына келгенімен, ішке кірмей, көзімен бірсуді іздеді. Мені іздеді ме екен деп, оның көзіне түскенше асығып ем, бірақ маған мүлде немқұрайлылық танытты.

Ақыры іздеген адамын көріп қалды ма, жымия қолын бұлғады. Сол-ақ екен сарғыш қоныр шашын құйрық секілді байлаған, ұзын сирақ жас қыз дөңгелене билеп жатқандар ортасынан ыршып шықты.

— Мүмкін, билерміз? — ол контрамаркасын (ішке кіру үшін билет орнына берілген қағазды), бір қолдан екінші қолға алма-кезек ауыстыра тұрып, Ақанға ұсыныс айтты. Оның желпуіш секілді кірпіктерінің арасынан, Көкшенің зеңгір аспанындай, бір кездері батылсыздау ұяндығымен мені шаттыққа кенелтетін, көкшіл сұр көзі жарқ ете қалды.

«Аня», — оның атын ішімнен айтам дегенше, тап бір табанымының астындағы жер төмен түскендей болды.

— Танысып қой, — әйтеуір дегенде санама жеткен Ақанның дауысы мені нақты өмірге қайта әкелді. — Менің аттасым, астанадан келген тамаша адам, шалғайда жатқан шағын қаланың өмірін зерттеп жүр екен. Бәлкім оған көмектесерміз?

Оның одан арғы сөздерін ести алмай, Аняның алақаны тиер-тиместен, тебіреніске толы сезім айдынына шым батып кеттім.

— Егер ағамыз сарандық жасамаса, өмірдің бар қызығын, әдемілеп тұрып, көгілдір жиекті табақшамен алдына әкеп тартуға болады, — Ақанның көз қиығыма ілінген үшкір тұмсық доссымағы өзінің жайдақ қалжыңына қарқылдай күлді.

— Ей, Таңбалы, жоғал, ол менің астанадан келген қонағым, — Ақан оның есерсоқ қылығын дереу тиып тастағасын, басқалар алдында бірден бағам өсіп қалды.



О, менің аяғым жылдан-жылға шау тарта бастаған денемді бақтың қалтарыс мүйісіне - баяғыда кейінге ысырылған дүкендер мен бұталар арасына жасырған, ішінде стакандары бар қапшықтың тұсына қалай жеп-жеңіл әкетті екен!.. Шыны керек, балашағамен әлгі «жексұрынды» қылқылдатып тұруым адамгершілікке жата ма деген есалаң ой бір сәт көңілімде көлбең етті.

Әлсін-әлі біздің қасымызға таянып, Ақанмен әлдене деп күбірлесіп, елеусіз ғана кетіп жатқан балаларға қарап, түк есімде қалмаған түр-кескіндерін барынша еске түсіруге тырыстым.

Аняның өзіме тым тақау екенін қанша байқамайын десем де, көзім қайта-қайта оның үшкір тізесіне, маңдайындағы ойнақы кекіліне түсе берді және менің жадымда оянып келе жатқан оның көз қарасымен кездесуге өлердей қорықтым.

Ақыры, менің қарым-қатынас жасайтын уақытым бітуге жарты сағат қалғанда, үшеуміз онаша қалдық. Сирей бастаған үйенкі бұтақтары мен ең соңғы тыныстар сәтінде жаймашуақ жып-жылы мұнсыз шақпен қоштасу әуенін ойнауға асыққан әрбір жапырақ айбары асқақ ай сәулесі төгілген кезде қатаң кейіпке енгендей.

— Ақан сізді өлең жазды деген. Өтінемін, оқып беріңізші, — жігіті міз бақтастан отырғанда Аняның үні менің көз қарасы мені өртеп жіберді.

Бас тартудың жөні жоқ еді, әрі ол өлеңдерді мен оқымаймын ғой. Бұлайынша айтқанда, оларды мен бұрын-соңды жазған емеспін. Олар осынау ай нұрының, жеп-жеңіл дір еткен жапырақтардың аясында, лезде тарап кеткен түс секілді әлдебір қадірлі де қол жетпес тәттіні сезінуден өмірге келген еді.

*Көкөрім, сұлу, нәзік қыз,  
Мақпалдай көзде мұң тұрған.  
Аяулым, менің бұрынғы,  
Шақырам түнде сыр тұнған...*

Аня иығын қиқаң еткізіп, Ақанға жабыса отырды. О, құдай-ау, сірә, ақылымнан адасатын шығармын. Мен осы жақындықты сезініп, оның кішкене жүрегі қалай лүпілдегенін естідім. Міне, ол ерінін жалап қойып, Ақанның қолын қысты. Тағы да оның алақан жылуы, үзік-үзік тынысы мен тамырының жиі соғысы маған ондаған есе жылдамдықпен берілуде.

*Шақырамын қайсарлықпен,  
Қара көк түн тереңіне,  
Қуып жетіп, құшып, сүйсем,  
Басқа бақыт керегі не?!*

Енді жас Ақан оның иығын құшырлана қысты. Ол қыз үшін мен жок секілдімін, оның ойынша, менің сезімім әлі жетілмеген, дәлірек айтсақ, жетілер жастан асып кеткен. Жанға батар қызғаныш пен дәрменсіздігім өлең тәріздес бірдеңеге айналды да ауызымнан шыққанша асықты.

*Сүйе алмастан қала бердім,  
Мүмкін жоқсың, елессің?  
Көлеңкеңе болдым ынтық,  
Қолым жетер емеспін...*

Тап сондағыдай жапырақтар дірілдеп, толған айдың сәулесінен түнгі аспан кеңейе түскенімен, Аняның жүрегінде егде тартқан Ақан үшін титімдей де орын жоқ еді. Оның ашық түсті түп-тұнық әлемі менің өкінішімді де, өз басымнан кешкен құштарлығымды да қабылдай алмады.

— Сіздің өлеңдеріңіз баспасөзде жарияланып тұра ма? — ол маған жауап қайыру үлкен күшке түсетін сұрақ қойды.

— Анда-санда, көбінесе өзім үшін жазамын.

— Біз енді сіздің өлеңдеріңізді газет-журналдардан күтіп жүреміз. Айтпақшы, ата тегіңіз кім еді?

Ұмытылудың аз-ақ алдындағы, Адамов деген лақап атым табан астынан есіме түсе қойғаны. Бәлкім сол кездің өзінде бұл жас Ақанның ойына келді ме екен, жылдар өткен

соң, алғаш рет газетке шыққан дүниелерінен қалқып шығу үшін.

— Ал, Ақан, енді сен оқышы, — Аня үшін мен енді жоқпын, оның өз абыройын аласартпай-ақ бас иіп, тағзым ете алатын жап-жас Құдайы бар еді.

Енді сол Құдай оның назына құлақ асты. Ақыры өзім іздеп таба алмаған, мәңгі және гарқамайтын бірдеңені сағынып, азап шеккен жастық шақтың тазалығына күміс шала бастаған басымды еріксіз иідім.

*Түсінбедім мен тіпті, алем неге сүйкімсіз,  
Сәулесін Күн төккенмен, нұрға бөлеп маңайды.  
Құлпытастай сорайып қалалар да тұр үнсіз,  
Бой көтерген бір кезде моласынан талайдың.*

Сонау бір жылы республикалық жастар басылымы осы өлеңге бола, құлдыраудың бір мысалы ретінде мені аяусыз сынаған жоқ па еді. Алайда, қоштасатын кез келді. Мен Ақанды төніп келе жатқан апаттан алып қалмақ боп сондай кірістім. Сірә, өзіңнің байыпты парасат пайымыңды тыз етпе тентектің тіпті шектен тыс бұзақылық кезіндегі тазалығына қарсы қою ақымақтық болар.

— Ақан, сен былайынша, бәрін түсінетін сияқтысың. Бағанға неге өрмеледің, бүлік туғызар сөздерді жиналған қауымға несіне айттын? Сен соны расымен істеп жүрсің бе? Мемлекеттің ірге тасын сөзбен шайқай алмайсың, ал бірақ мандайың жарылары айдан анық.

— Ал сіз шын көріп қалдыңыз ба?

— Иә, қалай дерін бар ма. Әрине, сенің сөзінде де шындықтың үлесі бар, бірақ, көбінесе ойнап, жұртты күлдіру үшін істейсің.

— Иә, солайы солай, — Ақан, неге екенін кім білсін, жеңілдеп қалғандай күліп жіберді.

— Бір сарынды өмірден зерігесін, әрі адамдардың басындағы сұрғылт нәрсені қозғап тұру да керек. Ал маған не — бәрібір, көп ұзамай байлап-матап, бұрын аяқ баспаған абақтыға әкетеді, өмірге темір тордың ар жағынан қараймын.

— Қойшы, керегі не, — Аня бір түрлі жалынышты үнмен жалбарынды.

Ақанның қазір тергеуде жүргенін мен қалай ұмытқанмын. Қайдағы ақыл айту. Мүмкін тіпті оның әлі күнге қалмаған қалжыңбастығы және өз әлемінің зандарын түсінбегендер мен қабылдамағандарға ызаланбауы керемет шығар.

Қонақүйдегі бөлмеге кұстай ұшып келгенім сонша, тіпті уақыт жүктемесінен босанудың өзі Ақан мен Аняның ай сәулесінен бұлдыраған бейнелерін жадымнан өшіре алмады, тағдыр ол екеуінің мандайына өмірдің ауыр жолын еш абыржымастан бөлек жүріп өтуді жазған еді.

Түнде мен ұзақ уақыт ұйықтай алмадым, ақыр соңында, осынау бос әурені тастау керек деп шештім. Менің хал-күйім, сірә, әйеліме берілді ме, екеуіміз естеліктерге беріліп кетіппіз. Көптен бері бұлай болмаған, біздің үйге қонаққа келіп жатқан қарындасым: «Түсінсем бұйырмасың, өзінің әйеліне таң атқанша не туралы айтуға болады?!» — деп ертеңіне таңертең қатты қайран қалсын.

Біз тек бір-бірімізге қарап, күлдік те қойдық. Бір-бірімізге бұндай «молшылықты» жиі қимайтынымыз бәлкім өкінішті болар-ау?

### ҮШІНШІ КҮН

Мен енді өзімнің туған үйімді қарауға қызықпай тұра алмадым, өйткені ол қазір түп орнымен мүлде жоқ еді. Өңкей кескінсіз жаңа құрылыстар көшелердің ағаш шілтерін баяғыда-ақ жұтып қойған.

Сырланбаған үшкір, аласа ағаш қоршаулардың ар жағындағы бозқараған әлі жап-жасыл, алайда мыстан нақышталғандай жас үйеңкілердің біраз жапырағы сиреп қалыпты, көбі аулаға төселіп жатыр. Оюлы жақтаулармен жиектелген терезелер күздің мизам шуағына қомағайлана көз тігіп, ал шиферлер әлі сәнін бұзбаған, жұқа ағаштармен жабылған, аздап мүк баса бастаған шатыр жасыл-көк түске ене сәл-пәл құбылады.

Айқара ашылған қақпадан аяғында қара боты — (шолоқ қонышты резеңкі етік), үстінде шатыраш желбегейі бар әйел көрінді. Ол бірдеңе есіне түскендей, бір сәт тоқтап

тұрды да ауладан біреуді айғайлап шақырды. Сосын жеңіл адымдай, бұрышқа бұрыла беріп, менің көзқарасымды сезді ме, артқа мойнын бұрды.

Осынау қас-қағым сәт маған жеткілікті еді, қазіргі менен гөрі жастау анамның таңғала көтерген қабағын, әлі әжім түсе қоймаған биік мандайы мен сәулелі жанарын империалистік барлаудың кәнігі агенті құсап, жадыма сақтап үлгердім. Алайда, шошытып алудан қорқып, мен оған құшак жая ұмтылмай, көзіміз тағы түйісіп қалмас үшін жүрісімді бәсеңсіттім. Жарық дүниеде тек жалғыз солғана осынау денесі ауыр, оғаш жүргіншінің жылдар мыж-тыжын шығарған өз ұлы екенін жазбай таныр еді. Алайда бұл сондай ерсі болар еді. Оның басын қатырудың кергі жоқ, онсызда көп балалы үлкен отбасының ауыр жүгі соның иығында ғой. Шақырусыз келген көз жасымды жұтып, шалыс басқан жастық шағымның кесірінен, оның көмірдей шашының арасынан көп ұзамай қылтып шығатын, ерте ағарған шаштарына үнсіз өкіндім.

Және де сірә, тек осы сәтте ғана өзім бақылап жүрген Ақанның тағдырына қатысым барын терең сезіндім. Алайда, аяулы анашым, оның тоқпаққа тоймайтын асау жанын өзі аңсаған соққылар мен борандардан ұстап қалу қолымнан келе ме. Кеше болғандар мен ертең болатындар үшін мені де, оны да кешіре гөр.

Анамның ізінен енді қарамауға тырысып, құлқайыр өскен иен жерді тұнжырай кезіп жүрдім де, қазір де қара май мен қақталған темір иісі аңқитын, алайда иесіз қаңырап қалған ұстаханалар тұсынан өткем, көз алдымнан зауыттан аққан лас сулар әлі лайлай қоймаған Қопа қуана жарк етті.

Міне, жағалаудағы терезелері шегеленген сорлы дүкен осы. Суға түсу науқанының соңына таман бір топ бұзақыларыммен бірге соны «тонаған» мен емеспін бе, енді бүгін жас Ақан бір жәшік арзан шарапқа бола, тергеуде жүр.

Айтпақшы, ол қайда екен өзі? Біз «қамысқа» — жергілікті қағылған-соғылғандардың сүйікті орыны, экзотикадан жұрдай сыраhanaға кіре салу үшін осы манда кездеспек боп келіскенбіз.

Тіпті көлден ескен таза ауа да осынау темекіге ысталған, балық қабыршақтарымен баттасқан бұл жердің ашып кеткен сасық иісін желдетіп шығара алмайды. Жиіркенсем де шыдап, екі саптыаяқ сыраға тапсырыс бердім, сол бойда астыртын іске қатысы бар біреу құсап сап ете қалған Таңбалы кешегі кеш соңында кинотеатрда болған қайғылы оқиға — пышақтасу жөнінде айтып берді.

Мен болмай қоймас сол оқиғаны осынау нақты өмірдің үстінен таудай боп басып қалған жылдардың ауыр салмағы арқылы тоқтатуға шамам келмес еді. Болған жағдайдың бүкіл есалаң жындылығы мен біртіндеп шөге бастаған жігіттің денесін, тобырдың өмір бойғы абыржуы мен дәрменсіздігін мүлде сырттан бақылаушы бөтен біреу құсап көзге елестеттім. Бірден сағатыма қарадым да, ешкім тиіспеген саптыаяқты үнсіз ысырып, артымнан жүгірмек болған Ақанның досын ыммен тоқтатып, асыға сыртқа ұмтылдым.

Жағалаудағы жұмсақ батпақты шоқалақтармен аяғым өзі әкеле жатқан сияқты. Көз алдымда анамның бет-әлпеті тұр еді, жоқ, сол кездегі Ақанға жаны қиналып жүргені емес, астанаға соңғы рет келгендегісі. Шау тартқан, сиректеу аппақ шашы селеудей селдіреген ол, мені ешқашан есеймейтін бала секілді көре ме, баяғысынша ақыл айтты: «Денсаулықты сатып ала алмайсың. Егер қартайғанда бірыңғай ауру боп қалғың келмесе, өзінді күт, кара...»

Бұл әрине өте қарапайым ақиқат, бірақ сен өзіне қарадың ба, аяулы анашым?! Балалардың қамын ойлап, өзің жемей, бар дәмдіні аузыңнан жырып соларға беріп, бар тәуірді соларға кигізем деп жүріп, ажарың мен сымбатыңды құртып алдың. Олардың жылдан-жылға ұлғая түскен қиындығы мен ауыртпалығы, өмірден өз орындарын тауып, орнығып кете алмағаны жүрегінді жырымдаса да, тағдыр сынына қарсы қояр тәкаппарлығыңды жоғалтқан жоқсың. Ал мен саған ешқашан қарсыласпам да, жанымның жарасын, жоқ-барымды, өкпе-назымды сырт көзден жасыруды өзіңнен үйрене алмай-ақ қойдым. Енді тек сенің алдында бірыңғай өзің қайтаруды талап етпеген қарыздарым қалады және оны ешқашан қайтар деп айтпас та едің, өйткені сен ата-ана алдындағы қарызды өз балаларыңа беру керегін білетіңсің.

Көз жасымен шайылып кетпеген мұң ананың жазық мандайына алғашқы түренін қалай салатынын айқын сеземін. Құдайым-ау, ішін қан жылап, сыртың тас түйін боп түйілгенше, ағыл-тегіл еңірегенің әлдеқайда жақсы еді ғой. Сен бұзау құсап жалап-жұқтап, елжіреп, еркелетуді сондай жақтырмайтынсың, көз жасыңды төгу де қолыңнан келмейтін. Бәлкім көз жасың, соғыс уақытында мерзімінен бұрын оқу бітірген өрімдей жас, сүйенер ешкімі жоқ көкөрім қыз — сені түкпірде жатқан меніреу ауылға, отқа жағатын отыны дайындалмаған, сиясының өзі мүлде болмағандықтан ғана суыққа қатпайтын, ал оқушылары училищеден қалған қарындашпен кезектесіп жазатын мектепке мұғалімдікке жіберген қырық бірінші жылдың қаһарлы қысында қатып қалды ма, кім білсін. Бірақ жексұрын Ақан бәрібір сенің көзіңнен жас шығарды, расың айтқанда, кейін өкіне отырып, тәубеге келген хаттарымен. Ал сот залында көзің құрғақ болғанымен, жүрегінде не боп жатқанын еске алып қайтмай-ақ қояйық.

Егер жас Ақан, біздің ойланбай басқан қадамымыз ең жақын адамдардың жанына қалай бататынын және оларды заңның ең қатал жазасынан да ауыр жаракаттайтынын білсе ғой. Алайда, бұл ақиқат өскелең ұрпақтың әр қайсысына таяу арада жете қоймас. Абақтыда сәлем-сауқат күтіп отырған жанның ба, жоқ әлде соған қалта-дорбасын әзірлеп жатқан адамның ба, қайсысының жүрегі көбірек шаншитынын кім білсін.

Кеш тәубеге келу де, кеш тамған көз жасы сияқты жеңілдік әкелмейді. Одан да маған сенің туралығың мен батырлығың ауысса ғой. Аяулы анашым, сенің табанды ұстамдылығыңды тіпті ештеңе: соғыс жылдарының ауыртпалығы да, жақын жандарыңның қаза тапқаны жайлы қаралы хабар да, тұңғышыңның ажалы да, үнемі бітпейтін үйдегі жоқшылықтар да, отағасының тұрмысқа бейімсіздігі де, өз құрсағыңнан шыққан, өз қаныңнан жаралған перзенттеріңнің өмір сүруге икемсіздігі мен нашарлығы да сындыра алмады. Көз жасы сен үшін, жағыну мен өз дәрменсіздігінді көрсету сияқты ар-намыстың аяққа басылуымен тең еді. Омбы өңіріне әйгілі имандылық таратып, уағыз айтып, руластарының құрметіне бөленген, тері илеу мен етік тігуден де асқан шебер болған, өзінді ұлдай ғып өсірген әкеннің тәлім-тәрбиесін берік ұстандың. Содан да болар балаларыңның әлсіздігі жаңына қаттырақ батып, мезгілінен бұрын әжім түсіп, шашын ағарғанымен, қуанышты сәттерде нұр шашқан жүзіңнен ашылмаған сезімдер кенін байқауға болатын.

Ал мен, ана өрлігі алғаш рет лайықсыз жазалаған туған үйіме бұрылуға шамам келмей, біреу бетіме түкіргендей, балалықтың көшесін мен-зең кезіп жүрмін. Әрине, өмірде шуақты сәттер де көп болды, үміт ақталды, алайда ұяты ешқашан жүректен кетпестей соққылар да болды. Біз өз әрекеттеріміз бен сөздерімізге тым кеш өкінеміз.

\*\*\*

Бір қарағанда еріккеннің ермегі сияқты сол бір әдеби тәжірибе-сынақпен өткенге барып, қайтқалы бес жыл өтті. Тек ақпарат аясы ғана емес, біздің құбылмалы өміріміздің ұстанымдары да қирады. Жаймашуақ көктемнің мамыр айы, өзім өмірге келген мамыр, жыл мезгіліндегі ең сүйікті айым осындай қасірет-қайғымен күнгірт тартар деп ешқашан ойламап ем.

Танертең жаманат хабар төбеден түскендей болды, ал кешкісін мен оның бас жағында тұрдым. Тіпті мәңгілік ұйқыға да ол абыроймен аттаныпты, — Құдайға шүкір, сабырлы келбетіне қарап, қасырет шегу құқын өзіне қалдырып, бізге өмірдің ұсақ-түйегінен аулақ болуды өсиет еткендей сезіндім. Менің қолымнан келгені тек — көз жасым тама, “кешір” деп шексіз сыбырлап, жұрттың сөзінен қысылмай, оның сұп-суық мандайын сүйе беру ғана...

Келесі күні аяулы анамды өз қолыммен мәңгілік жер бесігіне салдым. Жаратушы Ие, өзінің ақылсыз пенделерінді кешірс гөр, марқұм болған аналардың жайын жәннәттан, жанын рахатта қылғайсың, тіпті пайғамбарларды киелі де таза әйелдер өмірге әкелді. Дегенмен қай Ана да өз перзенті алдында таза ғой. Иә, сенің шексіз мейірбандығың да, О, Тәңірі, аналық бастаудан басталмай ма?

Караша, 1995 жыл.

Орыс тілінен аударған Заря ЖҰМАНОВА